



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

ерекшелінеді.

3. Өзге құралдардан компьютердің ерекшелігі – оның қатысымдық құрал бола білуі. Яғни, білімгер, ол арқылы қатысымның барлық түрлерін жүзеге асыра алады. Бұл – мәтіндерді оқу, сұхбат жасау, жазу, тыңдау әрекеттері. Тіл үйренуде бұл мүмкіншіліктер ең маңызды болмақ.

4. Құрал білімгерлерге өз әрекеттерінің нәтижесін айқын көрсете алады. Білім алуда дұрыс шешім жасай білуге деген оқушылардың өзіндік тәсілін, стратегиясын қалыптастырады.

5. Компьютердің көмегімен жаттығулардың кешенді түрлерін аз уақытта орындау мүмкіншілігі туындайды.

Ағылшын тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады. Тіпті нашар оқитын оқушылардың өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, өйткені кейбір жағдайларда компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді [5,386].

Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі – ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен-күнге өзекті болып келеді. Тілді ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы оқыту – тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады. Сонымен қатар оқушылар интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік істерін дамыта алады, оқушының оқу белсенділігі артады, сабақтың негізгі кезеңдерінің бәрінде оқушыларға шығармашылық жұмысты ұсынуға болады. Қазіргі заманда ғылымсыз жан-жақты дамыған өркениетті елдердің қатарына қосылу мүмкін емес. Ал мектеп мұғалімдерінің бүгінгі заманға сай берілген сабақтары осы мәселелерді шешуші күш болып отыр.

Қорыта келе, ағылшын тілін оқытуда жаңа ақпараттық құралдарды пайдалану оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытып, заманауи дерек көздерін үйлесімді пайдалана отырып, ағылшын тілін практикалық тұрғыдан жетік меңгеруіне, сонымен қатар оқушылардың сөйлеу және түсіну дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиет:

1. Абдыгаппарова С.К. Американские и Казахстанские культурные ценности. Практикум по межкультурной коммуникации, (часть 3) Учебное пособие на английском языке. Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2002 г.–37с.
2. Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса: Методические основы – М.: Педагогика, 1982. – С.192.
3. Mudersbach, K. & Gerzymisch-Arbogast, H. 1989. Isotopy and Translation. In P. Krawutschke (ed), Translator and Interpreter Training (= American Translators Association Scholarly Monograph Series. Vol. III.). New York: SUNY, 147-170.
4. Mudersbach, K. 1987. Kommunizieren als Übersetzungsproblem. Über Mißverständnisse und deren Verhinderung. In F. Liedtke & R. Keller. (eds), Kommunikation und Kooperation. Tübingen: Niemeyer, 239-247.
5. N. Plavinskaya few words about Cinquain // Literatura.- 2006.- № 5.- Page. 38.

ОӘК: [811.111:811.512.122]:398.93

ТЫҢДАУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН АУДИО-ВИЗУАЛЬДЫҚ ҚҰРАЛДАР

Әсейін Айдана

asein_aidana@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

«Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының

4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – аға оқытышы Ж.Д. Карабаева

Тіл – адам мәдениетінің, интеллектісі мен жан-жақтылығының көрсеткіші болып табылады, өз ойын байланыстырып айту және жазу баланың басқа адамдармен еркін қарым-қатынас жасауына мүмкіндік береді. Басқалармен қарым-қатынастың тартымды, сәтті болуы адамның өзінің ойын қаншалықты еркін, тиянақты, жүйелі түрде жеткізуіне байланысты. Ортаңғы сынып оқушылары сөйлеуге үйрену арқылы тындап түсіну тілдің мағыналық, құрылымдық ерекшелігін тануға, көркемдік бейнелілігін ұғынуға, сөздік қорының кеңеюіне мүмкіндік алады [1, 272].

Кей авторлар тындаудың екі түрін атап көрсетеді: толық мәтінді түсіну және тыңдалған мәтіннің тек негізгі мазмұнын түсіну. Шетел тілін оқытудың бастапқы этапында толық мәтінді түсіну түрі өте маңызды.

Аудио-визуальді әдіскер бірінші болып Губерина, Риван ғалымдары айналысқан [2,27]. Бұл әдіс ересектерді ағылшын тіліне үйренуге бағытталған. Әдістің негізгі оқыту мақсаты ауызша сөйлесуге машықтандыру. Әдіскерлердің ойынша біріншіден әдеби тілдің сөйлесу тілінен айырмашылығы мол. Оқыту негізгі мақсаты сөйлесуге пікір алмасуға үйрену болғандықтан ауызша сөйлесуге көп көңіл бөлінген. Екіншіден, осы бағыт сұранысына сәйкес болған. Оқу мен жазу тек сөйлесу тілінің графикалық қызметін атқару үшін қолданған сондықтан негізін құрамайды. Аудио-визуальді бағытта барлық тіл материалы тек қана тыңдалады. Оның әдістемелік принциптері:

1. Оқыту материалы диалог тек қана пікір алмасу
2. Сөйлесу оқыту негізі графикалық түрінің мағынасы жоқ
3. Жаңа материал тек тыңдау арқылы қабылданады
4. Тіл материалы қабылдауы мен пысықтауда дыбыстық жағына көңіл аударылып, дыбыс интонация, дыбыс ырғағы біріктіріледі
5. Жаңа материал контекст сипаттау көрсетілім арқылы үйретіледі
6. Тілді меңгеру жолы еліктеу арқылы дамиды.

Бұл әдіс тура әдіске ұқсас болғанымен өзіндік ерекшеліктері де бар, тіл материалы грамматикалық құрылымда лексика жазбаша түрде емес, пікір алмасу түрінде берілген. Әдістің ең басты ерекшелігі дыбыстық және көрнекілік материал көп қолдануда. Әр ұсынылған диалогтың дыбыстық бейнелік қосымша материалы болады. Әдіскерлердің ойынша аудио-визуальдық әдіс 4 кезіңге бөлінеді:

1. Презентация
2. Түсіндіру
3. Қайталау
4. Пысықтау немесе материалды белсендендіру [3,6-16]

Презентация – ойды жүйеге келтіру үшін диафильм көрсетуден басталады және 2-3 сөйлем титр ретінде алынады. Сөйлемдер тыңдалады, диафильмнің кәдірімен пысықталады.

Түсіндіру – мұғалім сұрақ қою арқылы дыбысты дұрыс түсінгенін тексереді. Дұрыс түсіндірілмеген жағдайда мұғалім көрнекілік қолданады.

Қайталау – диафильмге қарап оқушы сөйлемдерді қайталайды, өзін-өзі таспаға жазып алады. Диафильмді қайта тындап өз қатесін тексереді. Бұл сөйлемді жаттап алу кезеңі.

Пысықтау – бұл кезеңде диафильм дыбысы өшіріледі, кадр көрсетілгенде оқушылар заттарды атайды содан магнитофондағы өзі жазған дыбыстарды тыңдайды. Бұл өзін-өзі тексеру кезеңі қажет болса оқушылар лабораториялық жұмыста мәтінді меңгеруді жалғастырады.

Үнқатымдық жаттығулардың оқушылардың диалог құра білу біліктерін жетілдіруде маңызы зор. Оқыту тәжірибесі барысында айтылған ойға келісу, айтылған ойға келіспеу немесе оны теріске шығару, таң қалысын білдіру мәндеріндегі үнқатымдық жаттығулар қолданылды. Ауызша үнқатымдық жаттығуларды сабақтың мультимедиялық бағдарламамен өзіндік жұмысқа дейінгі кезеңінде мәтін тақырыбы мен мазмұнын болжау, мәтін мазмұнын түсінуді жеңілдету, лексикалық қиындықтарды жеңу мақсаттарында қолданылды. Ал тілдік серіктестер тобы мен жұбында орындалатын ауызша және жазбаша үнқатымдық

жаттығуларды сабақтың мультимедиялық бағдарламамен өзіндік жұмыстан кейінгі тілдік біліктерді дамыту кезеңінде қолдандық. Бұл кезеңдегі үнқатымдық жаттығулар оқушыларды рөлдік жаттығулармен және пікірталас жаттығуларымен жұмыс жасауға дайындау мақсатында жүргізілді.

Жағдаяттық жаттығулар – қазақ тілі топтарда шет тілін оқытуда жиі қолданылатын оқу жаттығуларының түрі. Жағдаяттық жаттығулардың маңыздылығы мен коммуникативтік құндылығы – олардың ұсынылған шартты-нақты немесе елестетуші жағдаяттар мен қарама-қайшылықты мәселелерге қатысты оқушылардың ауызша еркін тілдесімдік жауап әрекетін туғызатындығында.

Айтылымдық және оқылымдық біліктерді дамыту үшін «жұптағы диалог», «топтағы диалог» әдістері қолданылды. Жұмысты «жұптағы диалог» әдісі арқылы жүргізу үшін топтағы оқушылар бірнеше жұптарға бөлінді. Әр жұпқа жеке қысқаша мәтін бір парақ қағаз түрінде берілді. Жұптағы оқушылар мәтінді оқиды да, берілген тапсырма бойынша мәтін мазмұнына байланысты бірнеше үнқатымдардан тұратын диалог мәтінін құрастырып, оны өздері оқиды. «Топтағы диалог» әдісі арқылы да осындай жұмыс түрін ұйымдастыруға болады. [4,25-29]

Тыңдалымдық біліктер оқушылардың есту арқылы қабылдаған ақпаратын (хабарды) түсінуін, ойша қорыта білуін, талдап, жіктей алуын, өзінің жауап әрекетін құра білуін қамтамасыз етеді. Сабақтың мультимедиялық бағдарламасыз өткізілетін кезеңінде оқушылардың тыңдалымдық біліктерін дамытуды ұйымдастыру үшін мынадай әдіс-тәсілдер қолданылды: оқытуды ұйымдастырудың ұжымдық (топтық, жұптық) әдісі, ақпаратты берудің аудиолық әдісі, көрнекілік әдісі, диалог әдісі, полилог, т.б. Бұл кезеңдегі оқушыларға тыңдауға ұсынылатын мәтін мультимедиялық бағдарламадағы мәтінге байланысты таңдалып алынды және ол диалогтық сипатта болып, аудиотаспадан тыңдатылды. Бұдан соң тілдік серіктестер топтарына (жұптарына) тыңдалған мәтінді түсініп-қабылдауға байланысты орындалатын жұмыстар түрлендіріліп берілді. Жұмысты оқушылар топта (жұпта) өзара ақылдаса, ойласа отырып орындады. Жұмысты бұлайша орындау арқылы оқушылар, біріншіден, бір-бірімен өзара әрекет етіп, коммуникативтік қарым-қатынасқа түседі; екіншіден, бірінің білмегенін бірі толықтыра отырып, бір-бірінен үйренеді; үшіншіден, топтасып, ұжымдасып жұмыс жасауға үйренеді. Топтағы (жұптағы) жұмыс барысында берілген мәтін мазмұнын талдау, саралау, жіктеу негізінде ойлау операциялары орындалып, нәтижесінде мәтін мазмұнын түсініп-қабылдау жүзеге асырылады. Оқу материалдарын қолдану аталған талаптар бойынша жүйеленіп, ірі тақырыптар аудио құралдар негізінде тыңдалу үрдісінде қолданылды: «Танысу», «Менің отбасым», «Менің үйім», «Адам. Адамның дене мүшелері», «Азық-түліктер», «Менің заттарым», «Менің мектебім», «Менің Отаным», «Қалада. Ауылда», «Жануарлар әлемінде», «Жыл мезгілдері». Бұл тақырыптар бастауыш сатының әр сыныбында қайталанып, бірте-бірте күрделендіріліп отырды. Әр тақырып бойынша тыңдалу әдістері анықталып сыннан өткізіледі. Мақсат оқушыларды белгілі бір тыңдалымға үйретудің әдістемелік жүйесін жасау болады. Ақпараттандырудың тиімді түрлеріне аудирование (тыңдалым), бейнеқолдау сынды бейнетехникаларды қолдану жатады. Оқу үрдісінде ақпараттық технологиялар мен жаңа ақпараттық желілердің пайда болып, телеарна орталықтарында мұғалімдердің, арнайы мамандардың жетекшілігімен оқу телебағдарламалары даярланды. Мұнда қашықтан оқыту құралдары мен қашықтан оқытудың жерсерік арнасының маңызы ерекше. Бұл жүйе оқу үрдісін ұйымдастырудың тиімділігіне және білім сапасының артуына мүмкіндік беретін жаңалық болды. Компьютерлік бейнеконференциялар, техникалық құрал-жабдықтар арқылы алынған мәліметтерді өңдеп, білім алушыларға жеткізуді қамтамасыз етудегі жоғары деңгейімен сипатталады. Демек, әрбір білім алушы мамандар компьютерлік желі арқылы қосылатын әр түрлі электрондық мұрағаттар мен Интернет-ресурстарды жан-жақты меңгеру негізінде көптеген ақпараттарға өз орнында отырып-ақ қол жеткізеді. Электрондық кітапхана, электрондық оқу басылымдары, электрондық оқулықтар және т.б. мүмкіндіктер пайда болды. Бұл әрине, оқу үрдісін ақпараттандырудағы үлкен жетістіктер болып табылады. [5,29]

Әрине, ақпараттық-қатынастық технологиялар мұғалімді алмастыра алмайды және мұғалімге тән көптеген қызметтерді орындай алмайды. Бірақ, мұғалім сыныптағы әрбір оқушының жеке мүмкіндіктерін есепке ала алмайды және осы мүмкіндіктердің бәрін анықтауға мұғалімнің күші де келмейді. Сонымен қатар, мұнда сабақ үлгерімі нашар және орташа оқушыларға көмек көрсету, жақсы оқитын оқушыларға әрқашан қиынырақ тапсырма беруге көңіл бөлу мүмкіндіктері де жатады. Қолайлы режимде жұмыс істейтін мұғалімнің өзі бәрібір белгілі уақытта немесе оқу уақытының бір бөлігінде әрбір оқушының іс-әрекетін басқара алуы мүмкін емес, әрбір оқушыны оқытуы және дамуын қарқынды қамтамасыз ету жағдайы болмайды. Бұл жерде ақпараттық-қатынастық технологиялар мұғалімге де, оқушыға да маңызды көмек көрсете алады және көрсетуі қажет. Теориялық және әдістемелік әдебиеттерді талдау бастауыш сынып мұғалімдерінің аудио визуалді пайдалануға даярлығы жоғары, орта, төменгі деңгейде болып қалыптасатынын анықтауға мүмкіндік берді.

Ортаңғы сынып мұғалімдерінің аудио құралдарды пайдалануға даярлығының көрсетілгендей оқу үрдісінде тыңдалымды пайдалануда мазмұндық және психологиялық компоненттерді ескерумен ерекшеленеді. Қызығушылық ынтамен, себеп-салдарлық байланыстарды, заңдылықтар мен қарама-қайшылықтарды түсіндіре алады.

Ортаңғы сынып мұғалімдерінің аудио құралдарды пайдалануда теориялық білімді меңгергендігімен, бірақ жүйеленбегендігімен анықталады. Олардың кейбіреуі педагогикалық іс-әрекетті сауатты талдай отырып, оны іске асыру жолдарын ұсынса, кейбіреуі нақты білімі немесе ынтасы жоқ болғандықтан көпшілік жағдайларда кедергілерге тап болады [7,596].

Ортаңғы сынып мұғалімдерінің аудио құралдарды пайдалануға жасалған модель бойынша мазмұндық және психологиялық компоненттерінің мүлдем болмауымен, іскерліктерін дамытуға қызығушылық танытпайтындығымен айқындалады.

Қолданылған әдебиет:

1. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. Оқулық.–Алматы: «Сөздік-Словарь»,2005.-352б.
2. Жұмабаева А.Қ. Ағылшын тілі сабақтары //Мектептегі шет тілі, 2010, №1-Б.27
3. Дегтерева Т.А. Обучение аудированию в русле коммуникативно ориентированной методики // Иностранные языки в школе,2000, №2 Б.6-16
4. Елухина Н.В. Обучение слушанию иноязычной речи // Иностранные языки в школе,2006, №5 Б.25-29
5. Кулиш Л.Ю. Виды аудирования //Иностранные языки в школе, №3, 2004-Б.29

УДК: 372.8:811.111

FOR THE QUESTIONS HOW TO STIMULATE SPEECH OF SENIOR CLASSES

Abdimanapova Laila Saparbekkyzy

abdimanapova92@mail.ru

An IV-course year student of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana,
Kazakhstan

Supervisor- A.O. Iskakova

Main purpose of foreign language teaching is to teach for universal form of communications which is presented in speech situations. Language is important at particular situations and initially occurred by speech situations which are associated with three sides of learning process such as constructing learning materials, method of presenting learning language material at the lesson and forms of organization activity.

English language is being as one of the pivotal discipline at school which provides multiple opportunities for learners. The main aim of teaching foreign language is to train learners at speech activities and prepare them to enter any communication.